

IV МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР
ТУРАЛЫ СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

10-сабақ Әкімшілік айыппұл тағайындау жөніндегі қаулы



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

заттай қалелдеме
автокөлігіне тиесілі
айлық есептік көрсеткіш
әкімшілік айыппұл мөлшері
жауаптылығын жеңілдететін
пайдалану қағидаларын бұзу

кешірім сұрау
заңды күшіне ену
уәждерімен келісу
кешіктірмей төлеу
кінәсін толық мойындау
мән-жай
айыппұл салу



2. Тыңдаңыз, қажетті сөздерді жазыңыз.

әкімшілік айыппұл _____
жауаптылығын _____
айыппұл _____
кешіктірмей _____
кінәсін толық _____

кешірім _____
заттай _____
заңды _____
уәждерімен _____
пайдалану қағидаларын _____
айлық есептік _____



3. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Қарағанды облысы Қазыбек би _____ аудандық соты

_____ Ә. Есмағамбетов
_____ З. Бегімбаева

өзіне қатысты _____ туралы іс _____ А. Серіковтің
_____, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы
кодексінің 590-бабы 4-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық
_____,

Серіков Аиқын Амангелдіұлы,
_____ 1998 жылы 13 мамыр
_____ Қызылорда облысы Шиелі ауданы,
_____ А. Құнанбаев көшесі, 3-үй.
_____ Қарағанды қаласы, Ә. Бөкейхан ауданы, 11 ықшамауданы, 10-үй
_____ 19-пәтер
_____ жұмыссыз
_____ 046447014
_____ 20.08.2019 Қазақстан Республикасының ішкі істер
министрлігімен берілген



4. Бос орындарды толықтырыңыз.

Қарағанды облысы Қазыбек би аудандық №2 аудандық соты

Судья: Ә.Есмағамбетов
Сот отырысының
хатшысы: А.Н.Ағымбаева

өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша
А.Серіковтің,
Қазақстан Республикасының
туралы кодексінің 590-бабы 4-
бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық

Туған күні:
Тұрғылықты жері: Қызылорда облысы Шиелі ауданы,
А.Құнанбаев көшесі, 3-үй.
Тіркелген жері:
Жұмыс орны:
Жеке куәлігі:
Берілген күні: 20.08.2019 Қазақстан Республикасының ішкі істер
министрлігімен берілген
ЖСН:

900513301221

қатысуымен

Іс жүргізіліп
жатқан тұлға

жасағаны үшін

1998 жылы 7 шілде

Әкімшілік құқықбұзушылық

046447014

«Тұмар» ЖК, жүк тасушы

Қарағанды қаласы, Ә.Бөкейхан ауданы,
19 ықшамауданы, 18-үй 34-пәтер

Беріков Хасен Нарұлы



5. Мағынасына қарап сәйкестендіріңіз.

Судья:	046447014
Сот отырысының хатшысы:	1998 жылы 13 мамыр
Құқықбұзушы:	Ә.Есмағамбетов
Туған күні:	20.08.2019 ҚР ИІМ берілген
Тұрғылықты жері:	980513301221
Тіркелген жері:	Серіков Аұқын Амангелдіұлы
Жұмыс орны:	Қызылорда облысы
Жеке куәлігі:	З. Бегімбаева
Берілген күні:	11 ықшамауданы, 10-үі 19-пәтер
ЖСН:	жұмыссыз



6. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Жиырма	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш
	аулық есептік көрсеткіш



7. Мәтінді оқыңыз.

А. Серіковке 2021 жылы 1 ақпанда сағат 17:05 шамасында Ә.Бөкейхан ауданы, Магнитогорская көшесінде «Toyota» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 458НТА9 автокөлігін басқарып келе жатқанда полиция қызметкерлері тоқтатқан. Құжаттарды тексеру барысында А.Серіков жалған нөмірмен жүргені анықталған.

Сотта А.Серіков кінәсін толық мойындап, хаттамада көрсетілген уәждермен келісіп, кешірім сұрап, жүргізуші куәлігін өзінде қалдыруды сұрады.

ӘҚБК-нің 590-бабы 4-бөлігінде көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері бар көлік құралын басқару жиырма аулық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейін көлік құралдарын басқару құқығынан айыру жазасы көзделген.

Құжаттарды тексеру барысында	толық мойындап, хаттамада көрсетілген	жүргені анықталған.
Сотта А.Серіков кінәсін	басқару құқығынан айыру	жазасы көзделген.
жүргізуші куәлігін	А.Серіков жалған нөмірмен	сұрады.
көлік құралдарын	өзінде қалдыруды	уәждермен келісті

ҚАУЛЫ

2021 жылғы 2 ақпан

№ _____ іс

Қарағанды қаласы

Қарағанды облысы Қазыбек би аудандық №2 аудандық соты

Судья: Ә.Есмағамбетов

Сот отырысының

хатшысы: З.Бегімбаева

өзіне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға А.Серіковтің қатысуымен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 590-бабы 4-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін,

Серіков Аұқын Амангелдіұлы,

Туған күні: 1998 жылы 13 мамыр

Тұрғылықты жері: Қызылорда облысы Шиелі ауданы,
А.Құнанбаев көшесі, 3-үй.

Тіркелген жері: Қарағанды қаласы, Ә.Бөкейхан ауданы, 11 ықшамауданы,
10-үй 19-пәтер

Жұмыс орны: жұмыссыз

Жеке куәлігі: 046447014

Берілген күні: 20.08.2019 Қазақстан Республикасының ішкі істер
министрлігімен берілген

ЖСН: 980513301221

А.Серіковке қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қазақ тілінде қарап,
АНЫҚТАДЫ:

А.Серіковке 2021 жылы 1 ақпанда сағат 17:05 шамасында Ә.Бөкейхан ауданы, Магнитогорская көшесінде «Toyota» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 458НТА09 автокөлігін басқарып келе жатқанда полиция қызметкерлері тоқтатқан. Құжаттарды тексеру барысында А.Серіков жалған нөмірмен жүргені анықталған.

Сотта А.Серіков кінәсін толық мойындап, хаттамада көрсетілген уәждермен келісіп, кешірім сұрап, жүргізуші куәлігін өзінде қалдыруды сұрады.

2021 жылғы 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшері 2 917 теңге деп бекітілген, ал аталған баппен салынатын әкімшілік айыппұл мөлшері 20 АЕК, яғни айыппұл мөлшері $2\,917 \times 20 = 58\,340$ теңгені құрайды.

ӘҚБмК-нің 829-14, 829-16-баптарын басшылыққа алып, сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Серіков Аұқын Амангелдіұлы, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 590-бабы 4-бөлігінде көзделген құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 58 340 (елу сегіз мың үш жүз қырық) теңге айыппұл салынсын.

Серіков Аұқын Амангелдіұлы айыппұлды қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуі тиіс.

Судья

Ә.Есмағамбетов